

ALTERNATIVA FILM AWARDS 2023 ЖЫЛҒЫ СЫЙЛЫҚҚА ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМІН ЖАРИЯЛАДЫ

Alternative Film Awards кино сыйлығына үміткерлердің қысқа тізіміне Орталық Азия мен басқа да Азия елдерінен 14 толықметражды және 7 қысқаметражды фильмдер кірді. Жеңімпаздар 2023 жылғы 2 желтоқсанда Алматыда өтетін алғашқы марапаттау рәсімінде жарияланады.

Сыйлықтың іріктеу комитеті толық метражды финалистер тізіміне 8 ойын және 6 деректі жұмыстарды енгізді. Олар – Асхат Кучинчирековтың (Қазақстан) «Бауырына салу», Мирлана Абдыкалыковтың (Қырғызстан) «Қыз алып қашу», Жаныл Жусупжанның (Қырғызстан) «Ваханның тұтқыны», Михаил Бородиннің (Өзбекстан) «Cotton 100%», Катерина Суворованың (Қазақстан) «Qoғуqpa», Шокира Холикованың (Өзбекстан) «Жексенбі», Шарипа Уразбаеваның (Қазақстан) «Тұл», Нуржамал Карамолдоева мен Султан Усувалиевтың (Қырғызстан) «Келесі кім?», Анна Исабель Матутинаның (Филиппин) «12 апта», Реза Джамалидің (Иран) «Баласыз ауыл», Юджон Но, Йын Ли, Дабин Ан және Соен Кимнің (Оңтүстік Корея) «Naeil», Хаобам Пабан Кумардың (Үндістан) «Джозефтің ұлы», Раджан Катхет пен Сунир Пандейдің (Непал) «Қысқы демалыс болмайды», Лубдхак Чаттерджидің (Үндістан) «От пен судың сыбыры».

Тек Орталық Азиядан қабылданған қысқаметражды фильмдердің қысқа тізіміне Толомуш Жаныбековтың (Қырғызстан) «Құстар сайрайды», Гузель Дуйшенкулованың (Қырғызстан) «Келін тас», Томирис Орозоеваның (Қырғызстан) «Базар», Камила Рустамбекованың (Өзбекстан) «Ертегі», Рустем Дастанұлының (Қазақстан) «Сары-өмір», Дастан Мадалбековтың (Қырғызстан) «Әкесінің баласы» және Шұғыла Сержанның (Қазақстан) «Кешіккен жел».

Alternativa Film Awards үміткерлерінің тізімі тәуелсіз сараптамалық пікірге негізделген және фестивальдар мен мәдени орталықтардың кураторлары, киносыншылар, режиссерлер, продюсерлер және Орталық Азия мен басқа да Азия елдерінің мәдени журналистері кіретін сыйлықтың іріктеу комитетімен құрастырылған. Сыйлыққа барлығы 25 елден 350-ден астам фильм ұсынылды. Тізім alternativa.film сыйлығының ресми сайтында жарияланған.

Гульнара Абикеева, Alternativa Film Awards іріктеу комитетінің мүшесі: «Біз таңдаған фильмдер, негізінен, Орталық Азия кинотеатрлерінде көрсетілетін киноларға балама болып табылады. Яғни, бұл таза ойын-сауық ретіндегі фильмге балама. Олар бізді ойлануға итермелейді, әлеуметтік мәселелерді көтереді, бізді тоқтауға және шындыққа басқаша қарауға шақырады. Демек, бұл біздің өмірімізді өзгертетін кино. Біз мұны әлеуметтік импакт деп атадық — адамдар үшін, қоғам үшін, әрқайсымыз үшін. Адам құқықтары, шындықты өзгертудегі тұлғаның рөлі, көші-қон мәселелері, гендерлік теңдік, өркениет мәселелері – бұның бәрі осы фильмдерде айқын көрініс тапты. Іріктеу сәтті болды ма? Әрине, бұл туралы тек өтінімдердің саны ғана емес, сонымен қатар жіберілген фильмдердің сапасы да айтады, бұл біздің сыйлық керек екендігін көрсетеді».

Лиза Сурганова, Alternativa Film Awards жетекшісі: «Біз Alternativa Film Awards-тың алғашқы жылында 25 елден өтінімдер тарту арқылы оның халықаралық мәртебесін бекітіп, Орталық Азия киносына назар аудара алғанымызға қуаныштымыз. Тізімдегі толықметражды фильмдердің жартысынан көбі фокустық аймақтан келген. Біз үшін жобамыздың отанына, штаб-пәтеріне айналған Қазақстанда марапатқа үлкен қызығушылық болғаны да маңызды. Жүлдеге Қазақстаннан барлығы 148 фильм ұсынылып, оның 5-і тізімге енді. Біздің халықаралық жобамыз өсіп, жергілікті таланттарға көбірек көңіл бөлуге септігін тигізіп және олардың дамуына одан да көп мүмкіндіктер береді деп сенеміз. Біз

тәуелсіз іріктеу комитетінің мүшелеріне алғыс білдіреміз, олар сыйлыққа ұсынылған 350-ден астам фильмдерді көріп, қазірдің өзінде танымал болып келе жатқан режиссерлерге де, кәсіби жолын енді бастаған авторларға да тең назар аудара отырып, әр түрлі тақырыптағы және әр түрлі елдердегі фильмдерді ұсынып, өз шешімімін қабылдай алды. Енді біз Alternativa Film Awards бірінші сыйлығының жеңімпаздарын анықтайтын халықаралық қазылар алқасының шешімін асыға күтеміз».

Alternativa Film Awards жаңа кино сыйлығы оң әлеуметтік өзгерістерге жол ашатын және кең аудиторияға жүгінетін фильмдерді қолдайды. Бұл маңызды қоғамдық және мәдени тақырыптарды қозғайтын, сонымен қатар адамдар мен жергілікті қауымдастықтардың өміріне әсер ететін жұмыстар. Alternative Film Awards картиналардың көркемдік қасиеттерін де, олардың әлеуметтік әсерін де (импакт) бағалай отырып, кинофильмдер мен импакт-сыйлықтардың тәсілдерін біріктіреді.

Сыйлықтың жалпы жүлде қоры 2023 жылы \$100 000 құрайды және бес номинацияға бөлінеді: **Future Voice** (киноиндустрия мен қоғамдағы өзгерістерге үлкен үлес қоса алатын режиссер үшін), **Spotlight** (көпшіліктің назарынан тыс қалған маңызды тақырыпты немесе оқиғаны көтерген фильм үшін), **Alter** (маңызды қоғамдық мәселелер туралы және әлеуметтік өзгерістерге күшті серпін беретін фильм үшін), **Nativa** (ұлттық немесе мәдени сәйкестілік тақырыптарын қозғайтын фильм үшін) және **Short Awards** (Орталық Азияның фокустық аймағынан алынған қысқаметражды фильм үшін). Сонымен қатар, салтанатты рәсімде көрермендердің ерекше құрметіне ие болған фильмге **Resonance** арнайы сыйлығы (ақшалай сыйақыны білдірмейді) беріледі. Alternativa Film Awards иерархия құрмайды – барлық марапаттар бірдей және \$20 000 ақшалай сыйлыққа ие.

#

Alternativa Film Awards – 2023 жылы Орталық Азияда inDrive жаһандық технологиялық компаниясы іске қосқан Alternativa Film Project халықаралық коммерциялық емес жобасының бөлігі. Жоба дамып келе жатқан киноиндустриялардың кинематографистерін қолдау және ілгерілету үшін жасалған, оның міндеті – халықаралық аренада авторларды көрнекі ету, олардың жұмысы әлем туралы түсінігімізді кеңейтіп, оны жақсы жаққа өзгертуге, оларға кәсіби өсу үшін ресурстар беруге және жергілікті киноиндустриялар мен қауымдастықтарды дамытуға күшті серпін беруге көмектеседі. Alternativa Film Project – географиясын біртіндеп кеңейте отырып, елден елге көшетін көшпелі жоба. 2023 жылғы басты бастамалар — Алматы мен Бішкектегі Alternativa Film Labs аясындағы білім беру бағдарламасы, сондай-ақ басты оқиға – Алматыда 2 желтоқсанда өтетін Alternativa Film Awards халықаралық сыйлығының алғашқы табыстау рәсімі.

Медиа бойынша байланыс

Анна Васильева

anna.vasilyeva@alternativa.film

#